Ш Е Ш І М
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2023 жылғы 29 қыркүйек №4712-23-00-2/2793 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.А.Борашева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық іс қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Construction BS» басшысы Дүйсенов Мәди Генжебайұлы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
айыппұл өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1, 267-4 -баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Талап қоюшы Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№21 жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер «Construction BS» басшысы Дүйсенов Мәди Генжебайұлы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және айыппұл өндіру туралы талабы– қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Construction BS» басшысы Дүйсенов Мәди Генжебайұлын мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Construction BS» басшысы Дүйсенов Мәди Генжебайұлынан мемлекет пайдасына 44 (қырық төрт) теңге аыйппұл және 1 726 (бір мың жеті жүз жиырма алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.А.Борашева

Құжатқа қол қойылған: Борашева А. А., 02.10.2023

Заңды күшіне енген күні: 13.11.2023, судья Борашева А. А., 15.11.2023

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
Сот өндірісі
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство